

"Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 18 наурыздағы № 117 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 23 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 4 сәуірде № 18460 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12777 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 3 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру жүйесіне тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

қосымшада:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін" деген бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бөлім. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін";

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін" деген бөлімде:

"Бақылау субъект (объект), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері" деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-кіші бөлім. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6	Білім беру салалары және сағат сандары бар оқу жоспарларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. Сондай-ақ, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның болуы.	өрескел
---	---	---------

";

реттік нөмірі 14-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

16	Білім беру ұйымымен бекітілген педагогикалық кеңестің жұмыс жоспарлары мен отырыстар хаттамаларының, олардың қызметін растайтын материалдардың болуы.	елеулі
----	---	--------

";

"Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім бері ұйымдары үшін" деген бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бөлім. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім бері ұйымдары үшін";

"Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім бері ұйымдары үшін" деген бөлімде:

"Бақылау субъект (объект), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері" деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-кіші бөлім. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Білім алушылардың білім беру ұйымдары бекіткен міндетті мектеп формасын сақтауы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі).	өрескел
---	--	---------

";

реттік нөмірлері 11, 12, 13, 14-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

11	Қалалардағы жалпы орта білім беру ұйымдарында сынып толымдылығы 24-ке жеткенде және одан асқанда, ауылдық жерлерде – 20-ға жеткен кезде және одан асқанда, шағын жинақты мектептердің 10-11 сыныптарында – кемінде 10 білім алушы болған жағдайда сынып журналдарында сыныпты екі топқа бөлінуінің болуы: 1) оқыту тілі қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі және қазақ әдебиеті бойынша; 2) оқыту тілі орыс тілді емес сыныптардағы орыс тілі мен орыс әдебиеті бойынша; 3) ш е т т і л і б о й ы н ш а ; 4) ақпараттық-коммуникациялық технология бойынша (1-4 сыныптарда); 5) информатика бойынша (5-11 сыныптарда); 6) өзін-өзі тану бойынша (1-4 сыныптарда); 7) технология, көркем еңбек бойынша (сынып толымдылығына қарамастан ұл және қыз балалар топтары 5-11 сыныптарда); 8) дене шынықтыру бойынша – гендерлік қағидат бойынша әр топта қалалық жерде кемінде 8 ұл (немесе қыз), ауылдық жерде кемінде 5 ұл (немесе қыз) (5-11 сыныптарда); 9) бейіндік пәндер бойынша (10-11 сыныптарда).	елеулі
12	Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі және олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін айқындайтын бақылау нысандарының жүргізілгендігін растайтын материалдардың болуы. Белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы) аяқтау, сондай-ақ оқу бағдарламасына (жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқитын сыныптар үшін) сәйкес бөлімдерді/өтпелі тақырыптарды зерделеу бойынша өткізілетін жиынтық бағалауды растайтын материалдардың болуы.	елеулі
13	Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымында оқи алмайтын оқушыларға үйінде немесе емделу орындарында ақысыз жеке оқытуды ұйымдастыру туралы, сондай-ақ, рұқсат негізінде эстернат нысанында оқуға бұйрықтардың болуы.	елеулі
14	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлардың жасалуын растайтын дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамалары мен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындылары бар білім алушыларға арналған білім беру салаларының, оқу пәндері үлгілік жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес сағат санының жеке оқу жоспарларының болуы, сондай-ақ, эстернат нысанында оқитын білім алушыларға арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес жеке оқу бағдарламасының және консультация беру кестесінің болуы.	елеулі

";

реттік нөмірлері 28, 29-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

28	Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың (педагогикалық, әдістемелік кенестердің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы.	елеулі
----	--	--------

29	Қосымшалары бар дипломдар көшірмелерінің және білім беру ұйымдарымен бекітілген атқарылатын лауазымының сабақ беретін пәнінің бейініне сәйкес келетін жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білімі бар педагог кадрлармен, сондай-ақ, педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарымен қамтамасыз етілгендігін растайтын педагог қызметкерлердің тарифтеу тізімдерінің болуы.	өрескел
----	---	---------

”;

реттік нөмірі 31-жол алынып тасталсын;
 реттік нөмірі 34-жол алынып тасталсын;
 реттік нөмірі 42-жол мынадай редакцияда жазылсын:
 ”

42	Бір немесе екі пәннен жылдық қанағаттанарлықсыз бағалары бар 5-8 (9), 10 (11)-сынып білім алушыларына қайта аралық аттестаттаудың оқу жылы аяқталғаннан кейін 3 аптадан соң жүргізілгендігін растайтын материалдарының болуы.	болмашы
----	---	---------

”;

реттік нөмірі 47-жол мынадай редакцияда жазылсын:
 ”

47	Білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымына оқуға қабылдау туралы және білім беру ұйымынан білім алушыларды шығару туралы бұйрықтарының болуы, сондай-ақ, білім беру ұйымынан шыққан әрбір білім алушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талонының болуы.	елеулі
----	--	--------

”;

”Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін” деген бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

”3-бөлім. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін”;

”Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін” деген бөлімде:

”Бақылау субъект (объект), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері” деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

”1-кіші бөлім. Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері”;

”Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері” деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

”2-кіші бөлім. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері”;

”Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері” деген кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 10, 11- жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

10	Оқу жоспарларының үлгілік оқу жұмыс жоспарларына немесе Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	өрескел
11	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 70%, оның ішінде медициналық білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін қолданбалы бакалавриат, бакалавриат, магистратура деңгейлері бар оқытушылар мен мейіргерлердің үлесі оқытушылардың жалпы санынан кемінде 10% болуы.	өрескел

”;

реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

14	Даярланатын біліктілікті ескере отырып, интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, оқу-зертханалық жабдықтармен, оның ішінде медициналық білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін оқу пәндік кабинеттермен, клиникаға дейінгі симуляциялық кабинеттермен жарақталуы.	елеулі
----	---	--------

”;

реттік нөмірі 20-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

20	<p>Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларында төмендегідей нормалардан аспайтын өзгерістердің болуы:</p> <p>1) міндетті оқытуға бөлінетін жалпы сағаттар санын сақтай отырып, циклдер үшін оқу материалдарын меңгеруге бөлінген оқу уақытының 50%-ына дейін, әр пән және (немесе) модуль бойынша 50%-ға дейін және кәсіптік оқытудың және кәсіптік практиканың 60%-ына дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) өзгертеді;</p> <p>2) оқу бағдарламаларының мазмұнын әр пән, өндірістік оқыту, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша 50%-ға дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) және кәсіптік модуль бойынша 60%-ға дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) өзгертеді;</p> <p>3) міндетті оқытуға арналған жалпы сағат санын сақтай отырып, жұмыс берушінің талаптары бойынша қосымша пәндер (кәсіби модульдер) енгізеді;</p> <p>Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларында төмендегідей нормалардан аспайтын өзгерістердің болуы:</p> <p>1) базалық және кәсіптік модульдерді игеруге бөлінетін оқу уақытының 50% - ға дейін және оқу сағаттарының жалпы санын сақтай отырып, өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы 60% - ға дейін өзгертеді;</p> <p>2) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылау нысандарын, әдістерін таңдайды;</p> <p>3) жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес оқу бағдарламаларының мазмұнын модульдерге біріктірілген (қосылған) пәндерді кәсіптік модуль, өндірістік оқыту және кәсіптік практика бойынша 50%-ға дейін өзгертеді. Міндетті оқытуға арналған жалпы сағат санын сақтай отырып, жұмыс берушінің талаптары бойынша қосымша модульдер енгізеді.</p>	өрескел
----	--	---------

”;

реттік нөмірі 23-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	<p>Күндізгі оқу нысаны кезінде техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерудің нормативтік мерзімі күрделігіне, күтілетін белгіленген біліктілік деңгейіне және білім алушылардың базалық білім деңгейіне қарай нормативтік мерзімін растайтын бекітілген оқу жұмыс жоспарларының болуы:</p> <p>1) негізгі орта білім базасында жалпы орта білім алмай және білім беру қажеттіліктері бар</p>	
--	---	--

23	<p>адамдарға – 1 жыл 10 ай оқу мерзіміне; 2) негізгі орта білім базасында – жалпы орта білім алумен 1 жыл 10 ай, 2 жыл 6 ай, 2 жыл 10 ай, 3 жыл 6 ай немесе 3 жыл 10 ай оқу мерзіміне; 3) жалпы орта білім базасында – 10 ай, 1 жыл 6 ай, 1 жыл 10 ай, 2 жыл 6 ай немесе 2 жыл 10 ай оқу мерзіміне; 4) техникалық және кәсіптік білім базасында – 10 ай, 1 жыл 6 ай немесе 1 жыл 10 ай оқу мерзіміне; 5) орта білімнен кейінгі білім, жоғары білім базасында – 10 ай немесе 1 жыл 6 ай оқу мерзіміне; 6) ӘАОО үшін жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім базасында берілетін біліктіліктің күрделілігіне байланысты 10 ай, 1 жыл 6 ай немесе 1 жыл 10 ай оқу мерзіміне; 7) өнер, геология, су көлігін пайдалану, медицина, әскери мамандықтар үшін оқу мерзіміне тиісті мамандықтың ерекшелігіне байланысты айқындалуы мүмкін Күндізгі оқу нысаны кезінде орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын менгерудің нормативтік мерзімі күрделілігіне, күтілетін белгіленген біліктілік деңгейіне және білім алушылардың базалық білім деңгейіне қарай нормативтік мерзімін растайтын бекітілген оқу жұмыс жоспарларының болуы: -оқу мерзімі жалпы орта білім базасында 2 жыл 10 ай оқу мерзіміне; -техникалық және кәсіптік білім базасында ұқсас мамандықтар бойынша қабылдау базасына байланысты: орта буын маманы үшін 10 ай оқу мерзіміне; -білікті жұмысшы кадрлар үшін 1 жыл 10 ай оқу мерзіміне. Өнер, геология, су көлігін пайдалану, медицина, әскери мамандықтар үшін оқу мерзімі тиісті мамандықтың ерекшелігіне байланысты айқындалады.</p>	өрескел
----	---	---------

”;

реттік нөмірі 29-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

29	Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың (педагогикалық, әдістемелік кенестердің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы.	болмашы
----	--	---------

”;

реттік нөмірі 35-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

35	Оқу процесінің кестесінде толық оқу жылында кемінде екі рет, жылына жалпы ұзақтығы 11 аптадан көп емес, оның ішінде әскери мамандықтардан басқа, қысқы мерзімде кемінде 2 апта демалыстың болуы.	болмашы
----	--	---------

”;

реттік нөмірлері 38, 39, 40-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

38	<p>Тұлғалардың төмендегідей мерзімдерде оқуға қабылдау туралы өтініштерінің болуы: 1) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, өнер және мәдениет мамандықтары бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 шілдесі аралығында; 2) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 5 қыркүйегі аралығында, оқудың кешкі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында;</p>	болмашы
----	--	---------

	3) орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында.	
39	Талапкерлердің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне қоса төмендегідей құжаттардың болуы: білімі туралы құжаттың төлнұсқасы, № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтама, № 088-У нысаны бойынша I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы, 3x4 көлеміндегі 4 фотосуреті.	болмашы
40	Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау емтихандары материалдарының (нәтижелерінің) болуы: 1) бастауыш білімі бар ("Хореография өнері" мамандығы (біліктілігі "Балет әртісі") бойынша ғана кадрлар даярлау үшін қабылдау кезінде) оқуға түсушілер үшін бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ тілі немесе орыс тілі және шығармашылық емтихандар) өткізіледі; 2) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі; 3) негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер үшін – негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән); 4) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар оқуға түсушілер үшін мамандық бейіні бойынша өткізіледі; 5) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.	болмашы

”;

реттік нөмірлері 42, 43-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

42	Хаттамаларда орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің оқу бағдарламалары бойынша оқуға түсетін адамдар үшін қабылдау емтихандарын өткізудің төмендегі көрсетілген мерзімдерге сәйкес болуы: оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 28 қыркүйек аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша арнаулы немесе шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 21 шілдесі мен 28 шілдесі аралығында өткізіледі.	болмашы
43	Хаттамаларда білікті жұмысшы кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына түсетін тұлғалар үшін әңгімелесудің 1 тамызы мен 31 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 25 қыркүйегі аралығында өткізу мерзімдеріне сәйкес болуы.	болмашы

”;

реттік нөмірі 45-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 48-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

48	Білікті кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау туралы жеке кәсіптер, мамандықтар жөніндегі қабылдау комиссиясының ашық отырыстары хаттамаларының болуы: 1) оқудың күндізгі нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 25 тамызы мен 10 қыркүйегі аралығында;	өрескел
----	--	---------

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 15 – 30 қыркүйегі аралығында.	
--	--

”

"Қосымша білім беретін білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызмет үшін" деген бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бөлім. Қосымша білім беретін білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызмет үшін”;

"Қосымша білім беретін білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызмет үшін" бөлімде:

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері”;

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

10	Білім беру ұйымымен бекітілген педагогикалық кеңестің қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстар хаттамаларының болуы.	өрескел
----	---	---------

”;

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін" деген бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бөлім. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін”;

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін" деген бөлімде:

"Тексерілетін субъект (объект), оның ішінде Жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі (ЖБББЖ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері" деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі (ЖБББЖ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері”;

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-кіші бөлім. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері";

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін" деген бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"

5-бөлім. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін		
1-кіші бөлім. Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі (ЖБББЖ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
1	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың қате және толық емес ұсынылуы немесе ұсынылмауы.	болмашы
2	Күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылардың ең аз контингенті университеттерде 3000 адамнан аз; академияларда, институттарда және оларға теңестірілген ЖОО-да (консерваторияларда) 1000 адамнан аз.	өрескел
3	Білім беру қызметіне лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болмауы.	өрескел
4	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үшін: Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежелері және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атақтары және/немесе "Еңбек сіңірген жаттықтырушы" спорттық атақтары бар оқытушылардың үлесі – университеттер үшін – 50 % кем емес, академиялар, институттар үшін – 30% кем емес; Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын "магистр" дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 60%-дан көп болуы; оқытушылардың жалпы санынан "Өнер" білім беру саласында кадрларды даярлау бағыты үшін лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежелері және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атақтары және/немесе Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік марапаттары бар оқытушылардың үлесі университеттер үшін – 50 % кем емес, академиялар, институттар үшін – 30% кем емес; Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын "магистр" дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 60%-дан көп болуы; "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласында кадрларды даярлау бағыты бойынша: лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежелері және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атақтары бар оқытушылардың үлесі жалпы оқытушылар санынан кемінде университеттер үшін – 50 % кем емес, академиялар, институттар үшін – 30% кем емес; Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын "магистр" дәрежесі бар және/немесе жоғары/бірінші біліктілік дәрігерлік санаты бар оқытушылардың үлесі - 50%-дан көп болуы; Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы	өрескел

	Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың жалпы санынан "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежелері және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атақтары және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі – 40% кем емес.	
5	Кадрларды даярлау бағыты бойынша бітіру жылы ішінде түлектердің жұмысқа орналасу үлесі – 50% кем емес.	өрескел
6	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болмауы.	болмашы
7	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болмауы немесе білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындысыз жұмыс жасауы.	болмашы
8	Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сертификатынсыз студенттерді қабылдау, сондай-ақ бірінші академиялық кезеңнің қорытындысы бойынша өткізілетін ҰБТ нәтижелері бойынша оқудан шығарылмаған тұлғалардың болуы.	өрескел
9	ОЖСБ пәндері бойынша бітіруші топтар білім алушыларының орта балы республикалық орта балдан кем болуы.	елеулі
10	Сұратылып отырған кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын үш ғылым докторының немесе бес ғылым кандидатының немесе бес философия (PhD) докторының болмауы; "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты бойынша бір ғылым докторының немесе бір ғылым кандидатының немесе философия (PhD) докторының болмауы.	өрескел
11	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның ішінде ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларының болмауы.	өрескел
2-кіші бөлім. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
1	Жоғары оқу орнының (бұдан әрі - ЖОО) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі; білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі; білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі); білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары және тәртібі; білім алушыларды оқудан шығару негіздері және тәртібі; ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі; білім беру ұйымының білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі қамтылған жарғысының болуы.	болмашы
2	ЖОО-ны басқару органдарының қызметін регламенттейтін құжаттардың болуы.	болмашы
3	Даму стратегиясы және (немесе) даму бағдарламасы және (немесе) даму жоспарының болуы.	болмашы
4	ЖОО проректорларын (басшының орынбасарларын) тағайындау, олардың саны: 1500 адамға дейін – 1 проректор; 1501 адамнан 3000 адамға дейін – 2 проректор; 3001 адамнан 6000 адамға дейін – 3 проректор; 6001 адамнан 10000 адамға дейін – 4 проректор; 10001 адамнан және одан көп адам – 5 және көп болуы, сондай-ақ лауазымдық өкілеттіліктерін айқындау тәртібінің сақталғанын растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
5	Ректордың (басшының) шарт талаптарында көзделген білім алушылардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуін, білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша және толық шынайы ақпаратты беру бойынша міндеттерін атқаруды растайтын құжаттардың болуы.	болмашы

6	Стратегиялық даму және даму жоспары бойынша ЖОО ректорының басқару органдары алдындағы жыл сайынғы есебінің болуы.	болмашы
7	Басқару кадрларының, педагогикалық және ғылыми қызметкерлердің біліктіліктерін арттыруды қамтитын адами ресурстарын (қызметкерлерін) басқаруды ЖОО-ның кадрлық саясатына сәйкес жүзеге асырылуын растайтын құжаттардың болуы.	өрескел
8	ЖОО қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларының болуы.	өрескел
9	Дәрістерді оқуға ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесі және (немесе) ғылыми атақтары бар оқытушылардың, сондай-ақ тиісті ғылым магистрінің академиялық дәрежесі бар және (немесе) аға оқытушылардың; дәрістерді оқуға және (немесе) басқа оқу сабақтарының түрлерін өткізуге ғылыми қызметкерлер, еңбегі сіңген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандардың тартылғанын растайтын құжаттардың болуы.	өрескел
10	Дипломдық жұмыстарға (жобаларға), кәсіптік практикаға жетекшілікті осы жұмыстарға сәйкес келетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар оқытушылар, практик-мамандар жүзеге асыруын; ЭАОО-ны қоспағанда, магистрлік диссертацияларға (жобаларға), докторлық диссертацияларға, ғылыми тағылымдамаларға, зерттеу практикаларға жетекшілікті ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі және (немесе) ғылыми атақтары бар және ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын оқытушылар және (немесе) білім алушының оқу қызметінің осы түрлерінің бейініне сәйкес болатын ғылыми жарияланымдары бар ғылыми қызметкерлер, практик-мамандар жүзеге асыруын растайтын құжаттардың болуы.	өрескел
11	Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібінің, сондай-ақ, оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	өрескел
12	ЖОО қызметінің барлық бағыттары мен түрлерін қамтитын бекітілген ұйымдастырушылық құрылымның, құрылымдық бөлімшелер туралы бекітілген ережелердің, жыл сайын бекітілген штаттық кестенің, академиялық күнтізбенің болуы.	болмашы
13	ЖОО қызметкерлерінің оқу жүктемесі нормаларының бекітілгенін растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
14	ЖОО-ның алдында тұрған басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып әзірленіп бекітілген, оқу процесін ұйымдастыру және білім беру қызметін жоспарлау мен басқару бойынша шаралар, қағидалар және рәсімдер жүйесін қамтитын академиялық саясаттың болуы.	болмашы
15	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, ЖОО-ға оқуға қабылдаудың бекітілген тәртібінің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	өрескел
16	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, ЖОО-ның білім алушыларды қабылдағаннан кейін және білім туралы құжаттарды беруден кейін бір ай ішінде ақпаратты жолдағанын және (немесе) бұл мәліметтерді білім беру саласындағы уәкілетті органның білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізгенін растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
17	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім туралы берілген құжаттар бойынша жұмыс істейтін электрондық жүйенің, оның ішінде бұрын берілген құжаттардың электрондық базасының (архивін) болуы.	болмашы
18	ЭАОО-ны, медицина ЖОО-ларын, мәдениет және өнер саласындағы ЖОО-ларды, сондай-ақ білім алушылардың саны мемлекеттік білім беру тапсырыспен айқындалатын ЖОО-ларды қоспағанда, күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылардың ең аз контингенті университеттерде кемінде 3000 адам; академияларда, институттарда және оларға теңестірілген ЖОО-да (консерваторияларда) кемінде 1000 адамның болуы.	өрескел

19	Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауын және дербес жоспарлауын қамтамасыз етуді растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
20	ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру ұйымдарында: 1) білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпараты бар парақтармен білім беру порталының; 2) телекоммуникациялық желіге шығу мүмкіндігі бар жабдықтың (Интернет, спутниктік теледидар); 3) мультимедиялық сыныптардың және электрондық оқу залдарының; 4) оқу контентінің; 5) тестілеу кешенінің; 6) оқытуды басқарудың желілік жүйесінің (Learning Management System - LMS) болуы. Білім беру ұйымы басшысының ҚБТ-ны қолдану туралы бұйрығының болуы (бұйрыққа: 1) білім алушының өтініші; 2) білім алушылардың жеке оқу жоспарлары; 3) әрбір білім алушының оқу қызметін ұйымдастырудың жеке кестесі; 4) мүгедек балалардың ҚБТ бойынша оқу процесіне қатысу мүмкіндігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияны ұсынымы; 5) егер білім алушы сотталса және қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеуге жіберілсе, пениципалды мекеме басшысының келісімі немесе рұқсаты қоса беріледі). ҚБТ-ны енгізетін білім беру ұйымында білім алушылардың деректер базасын (білім алушыларды қабылдау, ауыстыру, қайта қабылдау туралы бұйрық, олардың ағымдағы үлгерімдері туралы мәліметтер) қамтитын ақпараттық басқару жүйесінің құрылғаны, сондай-ақ, ҚБТ-ны іске асыратын білім беру ұйымында ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және техникалық қолдауды жүзеге асыратын арнайы құрылымдық бөлімшелердің құрылғаны туралы мәліметтердің болуы.	елеулі
21	Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде оқыту технологиялары, оқу жұмысының түрлері бойынша жүктеме көлемінің арасалмағы, оқу жұмысының түрлері мен мерзімі нормаларының айқындалғанын растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
22	Білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлерін плагиатқа тексеруден өткізудің бекітілген қағидаларының, сондай-ақ, олардың өткендігін растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
23	Білім алушыларды ауыстыру мен қайта қабылдаудың бекітілген тәртібінің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
24	Білім алушыға академиялық демалыс берудің бекітілген тәртібінің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
25	Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың мазмұнын, құрылымдық бөлімшелерде оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру тәртібінің сақталуын, сондай-ақ, оқу-әдістемелік секциялардың құрылуын растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
26	Білім беру қызметінің сапасын арттыруды іштей қамтамасыз ету жүйесінің құрылғанын және жұмыс істеуін растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
27	Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар үшін арнайы білім беру жағдайларының болуы.	өрескел
28	Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыру мен өткізу және кәсіптік практика базасы ретінде ұйымдарды айқындаудың бекітілген тәртібінің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
29	Формальды емес білім арқылы алынған оқу нәтижелерін тану немесе бас тарту туралы комиссия хаттамасының болуы.	елеулі
30	Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді, меңгерілген кредиттерді есепке алуды, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізуді атқаратын тіркеу офісінің болуы; ЭАОО-да - білім беру сапасын мониторингілеу және бақылау (бағалау) бөлімшесінің болуы.	елеулі

31	Білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алу, олардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің бекітілген тәртібінің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	өрескел
32	Білім алушыны ЖОО-дан: академиялық үлгермеушілігі үшін; академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін; Ішкі тәртіп қағидалары мен ЖОО жарғысын бұзғаны үшін; білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемегені үшін; өз еркімен оқудан шығару тәртібінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
33	Білім алушыларды қорытынды аттестаттау үшін білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясының құрамы мен жұмысы туралы бекітілген тәртіптің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
34	Білім туралы құжатты толтыру, қосымшасы (транскрипт) бар дипломды беру мерзіміне қойылған талаптардың сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
35	Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру мен өткізу үшін ЖОО-ның диссертациялық кеңесі туралы бекітілген ереженің, сондай-ақ, оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
36	Кадрларды даярлау бағыты бойынша бітіру жылы ішінде түлектердің кемінде 50%-ның жұмысқа орналасуының қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттардың болуы.	өрескел
37	ЖОО-да тәрбие жұмысын ұйымдастыруды және жүргізуді растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
38	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының келесі бағыттарда жүргізілуін растайтын құжаттардың б о л у ы : іргелі, қолданбалы, іздеу (бастамашылық), ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, оның ішінде инновациялық бағыттар бойынша жұмыстар; тапсырыс бойынша, бөгде ұйымдармен жасалған шарттар бойынша ғылыми зерттеулер; білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру; оқытудың инновациялық технологияларын әзірлеу және ғылыми зерттеулер нәтижелерін оқу процесі мен өндіріске енгізу; ЭАОО қоспағанда, зерттеу қызметінің инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру тетігін құру және ендіру; зерттеушілер мен әзірлеушілердің зияткерлік меншігі мен авторлық құқықтарын қорғау.	елеулі
39	ЖОО-ның шетелдік білім беру, ғылыми және мәдени ұйымдармен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен ынтымақтастығын растайтын, білім алушылармен, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысуын растайтын, білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) мүше мүшелігін растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
40	Веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, жергілікті желілерінде орналасқан ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желіні қамтитын жоғары технологиялық ақпараттық-білім беру ортасының болуы.	өрескел
41	Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиісті дәрісханалық және зертханалық базалардың, оқу кабинеттерінің, өндірістік шеберханалардың, полигондардың, спорт залдарының және өзге де орынжайлардың болуы.	өрескел
42	Оқу пәндерін модульдік оқыту жүйесі негізінде әзірленіп, оқу нәтижелерін көрсететін жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының (ЭАОО қоспағанда), оқу жоспарларының (оқу жұмыс жоспары, білім алушының жеке оқу жоспары), пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларының (силлабустар) болуы.	елеулі
	Жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП) циклінде міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерінің; базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер циклдерінде ЖК және ТК пәндерінің қамтылуы (бакалавриат үшін);	

43	жоғары оқу орнынан кейінгі білім үшін – БП және бейіндеуші пәндер циклдерінде ЖК және ТК пәндерінің қамтылуы; ӘАОО-да бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларында МК және ЖК пәндерінен құралған ЖБП, БП, бейіндеуші пәндер циклдерінің, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша білім беру бағдарламаларында ЖК пәндерінен құралған БП және бейіндеуші пәндер циклдерінің болуы.	болмашы
44	ЖБП циклінің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 23%-нан аспауы немесе 56 академиялық кредитті құрауы, оның 51 академиялық кредиті міндетті компонент пәндеріне тиесілі болуы: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Философия, Қазақ (орыс) тілі, Шетел тілі, Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Дене шынықтыру, Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология); пәнаралық сипатқа ие ЖБП циклінің пәндері бойынша интеграцияланған бағдарламалардың болуы (бакалавриат үшін); ӘАОО-н қоспағанда, Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық білім беру бағдарламаларының БП циклінің ЖК-де "Ғылым тарихы мен философиясы", "Шет тілі (кәсіби)", "Жоғары мектеп педагогикасы", "Басқару психологиясы" пәндерін, бейінді бағыт үшін "Менеджмент", "Басқару психологиясы", "Шет тілі (кәсіби)" пәндерінің болуы, пәнаралық сипатқа ие БП циклінің ЖК пәндері бойынша кіріктірілген бағдарламалардың болуы (магистратура және докторантура үшін).	болмашы
45	Білім алушылардың экономика мен құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі саласындағы кәсіптік дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдылар, көшбасшылық, инновацияларды қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жалпы көлемі кемінде 5 академиялық кредитті құрайтын ЖБП циклінің ЖК және (немесе) ТК пәндерінің болуы.	болмашы
46	БП цикліндегі оқу пәндерін оқыту және кәсіби практиканың өту көлемінің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 47%-ын немесе кемінде 112 академиялық кредитті құрауы; ӘАОО-да БП цикліне жалпы көлемде БП циклінің көлемінің 30%-нан аспайтын барлық практика түрлерінің (кәсіптік практика, оқу практикасы, әскери тағылымдама, жауынгерлік дайындық және тағы басқа) болуы (бакалавриат үшін). Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 29%-ды немесе 35 академиялық кредитті құрауы, олардың 57%-ы немесе 20 академиялық кредит ЖК-ге тиесілі болуы; Бейінді бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 17%-ды немесе 10 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 15 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрауы, оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі 60%-ды немесе 6 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 40%-ды немесе 6 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрауы; ӘАОО-да бейіндік бағыттағы магистратурадағы БП циклінің көлемі кемінде 15%-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және кемінде 15%-ын (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрауы (магистратура үшін); ЖК және ТК пәндерін, практиканы қамтитын БП және бейіндеуші пәндер циклінің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 30%-ын немесе 53 академиялық кредитті құрауы; ӘАОО-да білім беру бағдарламаларының ЖК пәндерінен тұратын БП және бейіндеуші пәндер циклдерінен құралуы (докторантура үшін).	болмашы
47	БП циклінде көлемі оқу бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 25%-ды немесе кемінде 60 академиялық кредитті құрайтын оқу пәндерінің және кәсіби практика түрлерінің болуы; ӘАОО-да БП циклі пәндерінің көлемі жалпы жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының көлемінен кемінде 25%-ын немесе кемінде 60 академиялық кредитті құрауы (бакалавриат үшін). Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 41%-ды немесе 49 академиялық кредитті құрауы; Бейінді бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі ЖК мен ТК компонент арасында бөлінетін магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 42%-ды немесе 25 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 40%-ды немесе 45 академиялық	болмашы

	кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрауы; ЭАОО-да бейіндік бағыттағы магистратурадағы БП циклі көлемінің (оқу мерзімі 1 жыл және 1,5 жыл) 50% - дан кем болмауы (магистратура үшін).	
48	БП және бейіндеуші пәндер циклдерінің модульдері мен пәндері бағдарламасының білім берудің бірқатар салалары бойынша кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көп салалы сипатта болуы.	болмашы
49	Қорытынды аттестаттаудың көлемі 12 академиялық кредитті немесе білім беру бағдарламаларының жалпы көлемінен кемінде 5%-ды құрайтынын және дипломдық жұмыс (жоба) жазу және қорғау түрінде немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру түрінде жүргізілетінін растайтын құжаттардың болуы; ЭАОО-да қорытынды аттестаттаудың дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау, кешенді емтихан және (немесе) "Дене шынықтыру" пәні бойынша емтихан дайындау және тапсыру нысанында не кешенді мемлекеттік емтихан, екі базалық және (немесе) бейіндеуші пәндер бойынша мемлекеттік емтихандар және (немесе) "Дене шынықтыру" пәні бойынша емтихан тапсыру нысанында өткізілуі (бакалавриат үшін). Қорытынды аттестаттаудың 12 академиялық кредитті немесе ғылыми-педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 10%-дан аспайтын көлемді (тиісінше 1 жыл немесе 1,5 жыл оқу мерзімімен бейінді магистратурада 20% немесе 13%) құрауын және магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және қорғау нысанында өткізілуін, ЭАОО үшін қорытынды аттестаттау кемінде 12 академиялық кредитті құрайтынын растайтын құжаттардың болуы (магистратура үшін). Қорытынды аттестаттаудың 12 академиялық кредитті немесе докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 6%-ды құрауын және докторлық диссертацияны (жобаны) жазу мен қорғау түрінде өтуін растайтын құжаттардың болуы (докторантура үшін).	елеулі
50	Дипломдық жұмыс (жоба) жазудың орнына қосымша кешенді емтихан тапсыру үшін тиісті құжаттары тіркеліп, ректордың атына жазылған өтініштің болуы.	болмашы
51	Үш тілде білім беру бағдарламаларын енгізген ЖОО білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды үш тілде: оқыту тілінде, екінші тілде және ағылшын тілінде жүзеге асыруы: оқу пәндерінің 50%-ын оқыту (мемлекеттік немесе орыс) тілінде, 20%-ын екінші тілде (сәйкесінше орыс немесе мемлекеттік), 30%-ын ағылшын тілінде оқытылуы. Үш тілде білім беру бағдарламасын енгізген ЭАОО оқытуды үш тілде: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асыруы; екі тілде білім беру бағдарламасын енгізген ЭАОО оқытуды екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асыруы.	болмашы
52	Дуалды оқыту элементтерін енгізген ЖОО білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды теориялық оқыту мен өндірістегі практикалық дайындықты үйлестіру негізінде жүзеге асыруы: пәннің оқу материалының 40%-ына дейін тікелей өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржы-экономикалық процестер, психологиялық-педагогикалық процесс және тағы басқа) меңгеруі.	болмашы
53	Оқыту нәтижелері сәйкес болған жағдайда пререквизиттер ретінде алдыңғы формальды білім деңгейінің жекелеген пәндері, сондай-ақ тиісті деңгейдегі формальды емес білімнің оқыту нәтижелері қайта есептелуінің болуы. Білім алушының тиісті білім беру бағдарламасын игеруі үшін қажетті "кіруде" болуы тиіс барлық пререквизиттердің болуы.	елеулі
54	Білім беру мазмұнын жоспарлаудың, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін таңдау оқытудың кредиттік технологиялары негізінде жүргізілуін растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
55	Білім беру бағдарламасында оқу саласының сипаттамасын, даярлау деңгейін, оқу нәтижелерін, кәсіптік қызметтің негізгі түрлерінің көрсетілуі.	елеулі
	Білім алушының бір оқу жылындағы және барлық оқу кезеңіндегі академиялық кредиттердің көлемінен кем болмайтын, оның барлық оқу әрекетін - дәрістер, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиядағы	

56	жұмыстар, өндірістегі практика (дуальды оқыту кезінде), кәсіптік практика, ғылыми және кәсіби тағылымдама, ғылыми-зерттеу/ тәжірибелік-ізденіс жұмыстары, дипломдық жұмыс (жоба), диссертация (жоба), өзіндік жұмыс, оның ішінде оқытушының жетекшілігі жүргізілетін жұмыс, қамтитын оқу жүктемесінің болуы.	болмашы
57	Бір оқу жылының толық академиялық жүктемесі 60 академиялық кредитке немесе 1800 академиялық сағатқа сәйкес келуін, бұл ретте білім алушының бір семестр ішінде 30 академиялық кредитті меңгеруін растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
58	Білім алушының: бакалавриат бағдарламалары бойынша барлық оқу кезеңінде студенттің оқу әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 240 академиялық кредитті меңгеруі; магистратура бағдарламалары бойынша: 1) ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті (ЭАОО үшін кемінде 120 кредит) мөлшерінде; 2) бейінді магистратурада 1 жыл оқу мерзімімен 60 академиялық кредитті және 1,5 жыл оқу мерзімімен 90 академиялық кредитті (ЭАОО үшін 1 жыл оқу мерзімімен кемінде 60 кредит, 1,5 жыл оқу мерзімімен кемінде 90 кредит және 110-нан аспайтын кредит меңгеруі. Философия докторларын (PhD) (бейіні бойынша докторлар) даярлау бойынша докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруін растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
59	Білім беру қызметін білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензияға сәйкес жүзеге асыруды және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті сақтауды растайтын құжаттардың болуы.	өрескел
60	Білім берудің деңгейлеріне қарай Дублин дескрипторлары негізінде айқындалатын және оқу кезінде қол жеткізілген нәтижелерден байқалатын меңгерілген негізгі құзыреттерді көрсететін білім алушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптардың сақталуын растайтын бекітілген модульдік білім беру бағдарламаларының болуы.	өрескел
61	Қосымшасы бар (транскрипт) дипломды, сондай-ақ дипломға жалпыеуропалық қосымшаны (Diploma Supplement (диплома саплэмент) беру тәртібінің сақталуы (докторантурадан басқа), қосымша академиялық кезеңде педагогикалық бейін пәндерінің циклін меңгерген және педагогикалық практикадан өткен бейінді докторантура түлектеріне негізгі дипломға қосымша куәліктің берілу тәртібінің сақталуы.	елеулі
62	Ғылыми-педагогикалық бағыттағы (магистратура) жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының болуы, сондай-ақ, оны іске асыруды растайтын құжаттардың болуы. ЭАОО-да ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратура тереңдетілген кәсіптік немесе ғылыми-педагогикалық даярлығы бар басқару, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырудың болуы; Бейінді бағыттағы (магистратура) экономика, медицина, құқық, білім, өнер, қызмет көрсету және бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары, құқық қорғау қызметі үшін тереңдетілген кәсіптік даярлығы бар басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының болуы, сондай-ақ, оны іске асыруды растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
63	Білім беру бағдарламасының құрылымында білім берудің мазмұнын айқындайтын оқу және ғылыми жұмыстардың түрлі бағыттарының болуы: базалық және бейіндік пәндерді қамтитын теориялық оқыту, білім алушыларды практикалық даярлау: практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың түрлері; диссертация/жобаларды орындауды қоса алғанда, ғылыми-іздену (тәжірибелік-ізденіс) жұмыстары; қорытынды аттестаттау. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантураның білім беру бағдарламасының	болмашы

	құрылымында базалық және бейіндік пәндерді қамтитын білім беру компонентінің болуы, ғылыми-іздену жұмыстары, қосалқы оқыту түрлері, қорытынды аттестаттаудың болуы.	
64	Магистрлік бағдарламаның міндетті компонентінде магистранттарды практикалардың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардың түрлерін қамтитын практикалық даярлау; ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысының болуы.	болмашы
65	Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасында теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілуі мүмкін практиканың екі түрінің қамтылуы: БП циклінде педагогикалық – ЖОО-да; бейіндеуші пәндер циклінде зерттеу – диссертация орындалған жерде; бейінді магистратурада БП циклінде өндірістік практиканың қамтылуы; ӘАОО-да өндірістік практиканың кәсіби практика немесе әскери тағылымдама түрінде ө т к і з і л у і . Докторантураның білім беру бағдарламасында философия докторы бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін - педагогикалық және зерттеу практикасының болуы; бейіндік докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін – өндірістік практиканың болуы.	болмашы
66	Зерттеу/өндірістік практика мазмұнының диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен сәйкестігін растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
67	Білім алушының жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ (МЭЗЖ) шеңберінде ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті қызмет салаларындағы ұйымдарда (докторантура үшін қосымша – сонымен бірге шетелде) ғылыми тағылымдамадан міндетті өтуін растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
68	Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптардың сақталуын растайтын құжаттардың болуы: магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі; өзекті, ғылыми жаңалығының және практикалық маңызының болуы; ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі; ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындалуы; негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы; ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып, озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы; негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден құралуы; компьютерлік технологияны пайдалана отырып, деректерді өңдеудің және интерпретациялаудың қазіргі заманғы әдістеріне негізделуі, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша олардың әрбір кезеңнің соңында ресімделген білім алушының есебінің болуы.	елеулі
69	Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін білім алушының жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтуін растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
70	ЖОО-ның магистрлік диссертация туралы бекітілген ереженің, сондай-ақ, оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
71	Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері туралы жарияланымның және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияға қатысуда көрінуі. Докторанттың ғылыми зерттеуінің негізгі нәтижелері ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда жариялануы.	елеулі
	Магистратураға оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға (жобаға) жетекшілік жасау үшін ғылым кандидаттары мен докторларының немесе PhD докторларының немесе тиісті салада кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандардың қатарынан ғылыми жетекші тағайындау туралы ректордың бұйрығының б о л у ы . Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші докторанттарға ғылым докторлары немесе	

72	кандидаттары қатарынан тағайындалатын, кемінде 2 адамнан тұратын консультанттардың ғылыми жетекшілік етуі; бейіні бойынша доктор немесе DBA дәрежесіне ізденуші докторанттарға ғылым докторлары немесе кандидаттары немесе философия докторлары (PhD) қатарынан тағайындалатын, кемінде 2 адамнан тұратын консультанттардың, олардың біреуінің тиісті саланың немесе қызмет саласының жоғары білікті маманының ғылыми жетекшілікке тағайындау туралы ректордың бұйрығының болуы.	өрескел
73	Білім алушының ғылыми жетекшісі және зерттеу тақырыбын бекіту туралы ғылыми кеңестің шешімінің болуы.	елеулі
74	Педагогикалық қызметке жіберілген бейінді магистратураны бітірген магистрантқа педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламаларын қосымша меңгергенін растайтын негізгі дипломына қосымша куәліктің болуы.	болмашы
75	Қорытынды аттестаттау бойынша білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен басты құзыреттерді бағалаудың болуы.	елеулі
76	MBA (EMBA) білім беру бағдарламасының құрылымында келесі бөлімдердің болуы: кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша пәндер блогы; жеке даму және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндері блогы; эксперименттік-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны/жобаны орындау; қорытынды аттестаттау (магистрлік диссертацияны/ жобаны жазу және қорғау).	болмашы
77	Бекітілген MBA (EMBA)/ DBA білім беру бағдарламаларының, сондай-ақ, оларды іске асыруды растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
78	Кәсіби құзыреттерді қалыптастыру бойынша MBA (EMBA) білім беру бағдарламасында кәсіби құзыреттерді және тұлғалық дамуды, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндері; өндірістік практика (өндірістен қол үзіп білім алушы тұлғалар үшін); магистрлік диссертацияны немесе жобаны орындау; қорытынды аттестаттауды қамтитын міндетті және элективті компоненттер пәндерінің болуы.	болмашы
79	MBA (EMBA) бағдарламаларына оқыту үшін бизнес-зерттеулерді және консалтингті, ғылыми қызметті жүргізуге тартылған, сондай-ақ басқарушылық жұмыс тәжірибесі бар профессорлық-оқытушылық құрамның болуы. DBA бағдарламалары бойынша оқыту үшін ғылым докторы немесе кандидаты дәрежесі бар және даярлау бағыты бойынша кәсіби білім мен дағдыларға ие халықаралық тағылымдамалары мен жарияланымдары бар профессорлық-оқытушылық құрамның болуы.	өрескел
80	MBA/EMBA немесе DBA бағдарламаларының қажетті білім беру қызметтерін ұсынуға арналған заманауи білім беру технологияларының болуы.	өрескел
81	MBA (EMBA) білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға "Іскерлік әкімшілендіру магистрі" дәрежесінің (магистратура үшін) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) бірге берілгенін растайтын құжаттардың болуы.	елеулі
82	Білім алушының барлық оқу кезеңіне жасалған және келесі бөлімдерді қамтитын жеке жұмыс жоспарының болуы: жеке оқу жоспары (қажет болған жағдайға жыл сайын нақтылануы мүмкін); ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (зерттеу тақырыбы , бағыты, мерзімі мен есеп беру нысаны); практика (бағдарламасы, бағасы, мерзімі және есеп беру түрі); негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік/докторлық диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы; магистрлік/докторлық диссертацияны орындау жоспары; ғылыми басылымдар мен тағылымдамадан өту, оның ішінде шетелдік тағылымдамадан өту жоспарының болуы.	елеулі
83	Ғылыми зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарынан, ғылыми жарияланымдарынан, докторлық диссертацияларды жазу мен қорғаудан құрылған ғылыми компоненттің көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 64% -ды немесе 115 академиялық кредитті құрауы.	болмашы

84	Докторанттың белгіленген кредиттер көлемін игергендігін растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
85	DBA білім беру бағдарламасының зерттеу компонентінде докторанттың қолданбалы және зерттеу жұмыстарының, жарияланымдары мен докторлық диссертациясының болуы; докторанттың зерттеулерінің нәтижелерінің кемінде 7 (жеті) ғылыми басылым мен журналдарда, оның ішінде кемінде 3 (үш) алыс шетелдегі ғылыми басылымдарда және халықаралық ғылыми конференцияларда жарияланған болуы.	болмашы
86	DBA бағдарламасының докторанттарына ғылыми жетекшілік ететін ғылым докторлары (кандидаттары) қатарынан тағайындалған, ғылыми-зерттеу (академиялық) тәжірибесі бар немесе басқару және консалтингтік жұмыс тәжірибесімен DBA дәрежесі бар кемінде екі консультанттың болуы.	өрескел
87	Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына сәйкес мамандарды даярлау бағыттары бойынша әзірленген білім беру бағдарламаларының болуы.	болмашы
88	Оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілік арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтердің болуы.	өрескел
89	Кадрларды даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларына сәйкес пәндердің оқытушылармен қамтылуы, оның ішінде оқытушылар білімінің, ғылыми/академиялық дәрежелерінің немесе ғылыми атақтарының (бар болған жағдайда) оқытатын пән бейініне сәйкес келуі (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер). ЖОО негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылардың жалпы оқытушылар санындағы үлесіне қойылатын талаптарға сәйкестікті растайтын құжаттардың болуы (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер).	өрескел
90	ЖОО негізгі жұмыс орны болып табылатын ғылыми/академиялық дәрежелері және/немесе ғылыми атақтары бар және/немесе "магистр" дәрежесі бар және/ немесе резидентураны аяқтаған жоғары/ бірінші біліктілік дәрігерлік санаты және кемінде бес жыл клиникалық жұмыс өтілі бар және/немесе "Еңбек сіңірген жаттықтырушы" спорттық атағы бар және/ немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары бар және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес оқытушылардың жалпы оқытушылар санындағы үлесіне қойылатын талаптардың сақталуын растайтын құжаттардың болуы (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер).	өрескел
91	Кадрларды даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін білім алушыларды қамтамасыз ететін, саны, басылып шыққан жылына қатысты нормаларға сай келетін оқу және ғылыми әдебиет қоры бар кітапхананың; сымсыз байланыс технологияларды қоса алғанда кең жолақты интернет желілі компьютерлік кабинеттердің; материалдық техникалық және оқу-зертханалық базаның; жабдықтардың, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы (оқу және ғылыми әдебиеттер қорының және цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер).	өрескел
92	Сұратылып отырған кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын үш ғылым докторының немесе бес ғылым кандидатының немесе бес философия (PhD) докторының болуы; "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты бойынша бір ғылым докторының немесе бір ғылым кандидатының немесе философия (PhD) докторының болуы (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер).	өрескел
93	Мазмұны мен мерзіміне қойылатын талаптарға сәйкес келетін практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың, сондай-ақ шетелде ғылыми тағылымдамадан өту үшін жасалған шарттардың болуы (сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес толық оқу кезеңін қамтитын, практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен және стратегиялық әріптестік туралы жасалған шарттардың және шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен толық оқу кезеңін қамтитын шарттар туралы мәліметтер).	елеулі

94	Білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсетудің болуы, сондай-ақ оқу корпусарында медициналық пункттердің болуы (медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер).	болмашы
95	Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы (санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер).	болмашы
96	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның ішінде университеттер үшін 3 және одан көп, академиялар үшін 1 және одан көп, институттар үшін 1 және одан көп ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларымен ғимараттардың (оқу корпусардың) болуы. "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты үшін шаруашылық жүргізу меншікті жеке не жедел басқару құқығындағы клиникасының болуы (Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы, сондай-ақ, ғимараттарға (оқу корпусарға) және клиникаларға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттар туралы мәліметтер).	өрескел
97	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру қызметін көрсетуге берілген рұқсат беру құжатының болуы (лицензияланатын кадрларды даярлау бағытына сәйкес алдыңғы деңгей бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер).	өрескел
98	Мазмұны мен мерзіміне қойылатын талаптарға сәйкес келетін тиісті даярлау бағыттары бойынша білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми-білім беру немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы (магистратура үшін) (білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми-білім беру немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы толық оқу кезеңін қамтитын келісімдер туралы мәліметтер).	елеулі
99	Бакалаврға ғылыми жетекшінің сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес ғылыми/ академиялық дәрежесінің, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық ғылыми журналдарда соңғы бес жылда 2 ғылыми жарияланымдардың болуы, сондай-ақ оқулықтың не оқу құралының авторлары болуы (жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер). Магистрға ғылыми жетекшінің сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес ғылыми/ академиялық дәрежесінің, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық лицензияланатын ғылыми журналдарда соңғы бес жылда 10 ғылыми жарияланымдардың болуы, сондай-ақ кемінде 2 оқулықтың не оқу құралының авторы болуы (жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер).	өрескел
100	Білім беру ұйымының ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттарға сәйкес қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың болуы (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу үшін ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттардың және оларға қоса Жұмыстардың техникалық ерекшелігі мен оқытудың толық кезеңін қамтитын Күнтізбелік жоспары туралы мәліметтер).	елеулі
101	Білім беру бағдарламасына сәйкес сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы (жоғары оқу орнынан кейінгі білім үшін) (өрескел

	мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер).	
102	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру бағдарламасына сәйкес ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін ведомствоаралық келісімдердің болуы (жоғары оқу орнынан кейінгі білім үшін) (Ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін келісімдер туралы мәліметтер).	елеулі
103	Білім алушының жазбаша жұмысын плагиатқа тексеретін компьютерлік бағдарламаның болуы (плагиатқа тексерудің компьютерлік бағдарламасының бар екенін растайтын құжат).	өрескел
104	Мазмұны мен мерзіміне қойылатын талаптарға сәйкес келетін докторантура бағдарламаларын іске асыратын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және (немесе) ғылыми ұйымдармен ғылыми алмасу туралы шарттардың болуы (докторантура үшін) (толық оқу кезеңін қамтитын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми алмасу туралы шарттардың және сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес шетелдік жоғары оқу орнының бағдарламаларын аккредиттеу туралы куәліктің көшірмелері туралы мәліметтер).	елеулі
105	Әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасы – бакалавриатта даярлаудың бағыттары және білім беру бағдарламалары бойынша – 12,1; "Өнер" бағыты бойынша - 3,5,1; жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша бейнелеу өнері, музыкаға байланысты мұғалімдерді дайындау, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау білім беру бағдарламалары бойынша шет тілдеріне байланысты мұғалімдерді дайындау, тілдер және әдебиет кадрларды даярлау, шетел филологиясы, аудармашылар, ветеринария – 8,1; денсаулық сақтау – 6,1; дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары, оның ішінде шетел азаматтары үшін – 6,1; әскери кафедра студенттері үшін – 10,1; магистратурада – 6,1; резидентурада – 3,1; докторантурада – 4,1; Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымы үшін: магистратурада – 4,1, докторантурада – 2,1.	өрескел

”;

"Білім басқару органдарының қызметі үшін" бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бөлім. Білім басқару органдарының қызметі үшін";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 38-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы қызметіне үміткерлердің қажетті құжаттар пакетінің болуы:	
1) білім беруді басқару органы басшысының атына тұрғылықты тіркеу орны, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініш;	
2) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;	
3) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;	
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;	

38	5) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парак және фото; 6) ескертпелер мен көтермелеулерді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік м і н е з д е м е ; 7) біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда); 8) м е д и ц и н а л ы қ а н ы қ т а м а ; 9) Соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама; 10) тестілеуден өткендігі туралы анықтама (болған жағдайда); 11) мемлекеттік білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспары.	елеулі
----	--	--------

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағында:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

6	Білім беру салалары және сағат сандары бар оқу жоспарларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. Сондай-ақ, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның болуы.
---	---

”;

реттік нөмірі 14-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

16	Білім беру ұйымымен бекітілген педагогикалық кеңестің жұмыс жоспарлары мен отырыстар хаттамаларының, олардың қызметін растайтын материалдардың болуы.
----	---

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағында:

реттік нөмірі 7-жол, мынадай редакцияда жазылсын:

”

7	Білім алушылардың білім беру ұйымдары бекіткен міндетті мектеп формасын сақтауы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі).
---	--

”;

реттік нөмірлері 11, 12, 13, 14-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

11	Қалалардағы жалпы орта білім беру ұйымдарында сынып толымдылығы 24-ке жеткенде және одан асқанда, ауылдық жерлерде – 20-ға жеткен кезде және одан асқанда, шағын жинақты мектептердің 10-11 сыныптарында – кемінде 10 білім алушы болған жағдайда сынып журналдарында сыныпты екі т о п қ а б ө л і н у і н і ң б о л у ы : 1) оқыту тілі қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі және қазақ әдебиеті бойынша; 2) оқыту тілі орыс тілді емес сыныптардағы орыс тілі мен орыс әдебиеті бойынша; 3) ш е т т і л і б о й ы н ш а ; 4) ақпараттық-коммуникациялық технология бойынша (1-4 сыныптарда); 5) информатика бойынша (5-11 сыныптарда); 6) өзін-өзі тану бойынша (1-4 сыныптарда);
----	--

	7) технология, көркем еңбек бойынша (сынып толымдылығына қарамастан ұл және қыз балалар топтары 5 - 11 сыныптарда);
	8) дене шынықтыру бойынша – гендерлік қағидат бойынша әр топта қалалық жерде кемінде 8 ұл (немесе қыз), ауылдық жерде кемінде 5 ұл (немесе қыз) (5-11 сыныптарда);
	9) бейіндік пәндер бойынша (10-11 сыныптарда).
12	Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі және олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін айқындайтын бақылау нысандарының жүргізілгендігін растайтын материалдардың болуы. Белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы) аяқтау, сондай-ақ оқу бағдарламасына (жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқитын сыныптар үшін) сәйкес бөлімдерді/өтпелі тақырыптарды зерделеу бойынша өткізілетін жиынтық бағалауды растайтын материалдардың болуы.
13	Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымында оқи алмайтын оқушыларға үйінде немесе емделу орындарында ақысыз жеке оқытуды ұйымдастыру туралы, сондай-ақ, рұқсат негізінде эстернат нысанында оқуға бұйрықтардың болуы.
14	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлардың жасалуын растайтын дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамалары мен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындылары бар білім алушыларға арналған білім беру салаларының, оқу пәндері үлгілік жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес сағат санының жеке оқу жоспарларының болуы, сондай-ақ, экстернат нысанында оқитын білім алушыларға арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес жеке оқу бағдарламасының және консультация беру кестесінің болуы.

”;

реттік нөмірлері 28, 29-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

28	Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың (педагогикалық, әдістемелік кеңестердің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы.
29	Қосымшалары бар дипломдар көшірмелерінің және білім беру ұйымдарымен бекітілген атқарылатын лауазымының сабақ беретін пәнінің бейініне сәйкес келетін жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білімі бар педагог кадрлармен, сондай-ақ, педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарымен қамтамасыз етілгендігін растайтын педагог қызметкерлердің тарифтеу тізімдерінің болуы.

”;

реттік нөмірі 31-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 34-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 42-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

42	Бір немесе екі пәннен жылдық қанағаттанарлықсыз бағалары бар 5-8 (9), 10 (11)-сынып білім алушыларына қайта аралық аттестаттаудың оқу жылы аяқталғаннан кейін 3 аптадан соң жүргізілгендігін растайтын материалдарының болуы.
----	---

”;

реттік нөмірі 47-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

47	Білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымына оқуға қабылдау туралы және білім беру ұйымынан білім алушыларды шығару туралы бұйрықтарының болуы, сондай-ақ, білім беру ұйымынан шыққан әрбір білім алушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талонының болуы.
----	--

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағында:

реттік нөмірлері 10, 11- жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

10	Оқу жоспарларының үлгілік оқу жұмыс жоспарларына немесе Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.
11	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 70%, оның ішінде медициналық білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін қолданбалы бакалавриат, бакалавриат, магистратура деңгейлері бар оқытушылар мен мейіргерлердің үлесі оқытушылардың жалпы санынан кемінде 10% болуы.

”;

реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

14	Даярланатын біліктілікті ескере отырып, интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, оқу-зертханалық жабдықтармен, оның ішінде медициналық білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін оқу пәндік кабинеттермен, клиникаға дейінгі симуляциялық кабинеттермен жарақталуы.
----	---

”;

реттік нөмірі 20-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

20	Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларында төмендегідей нормалардан аспайтын өзгерістердің болуы: 1) міндетті оқытуға бөлінетін жалпы сағаттар санын сақтай отырып, циклдер үшін оқу материалдарын меңгеруге бөлінген оқу уақытының 50%-ына дейін, әр пән және (немесе) модуль бойынша 50%-ға дейін және кәсіптік оқытудың және кәсіптік практиканың 60%-ына дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) өзгертеді; 2) оқу бағдарламаларының мазмұнын әр пән, өндірістік оқыту, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша 50%-ға дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) және кәсіптік модуль бойынша 60%-ға дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) өзгертеді; 3) міндетті оқытуға арналған жалпы сағат санын сақтай отырып, жұмыс берушінің талаптары бойынша қосымша пәндер (кәсіби модульдер) енгізеді; Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларында төмендегідей нормалардан аспайтын өзгерістердің болуы: 1) базалық және кәсіптік модульдерді игеруге бөлінетін оқу уақытының 50% - ға дейін және оқу сағаттарының жалпы санын сақтай отырып, өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы 60% - ға дейін өзгертеді; 2) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылау нысандарын, әдістерін таңдайды; 3) жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес оқу бағдарламаларының мазмұнын модульдерге біріктірілген (қосылған) пәндерді кәсіптік модуль, өндірістік оқыту және кәсіптік практика бойынша 50%-ға дейін өзгертеді. Міндетті оқытуға арналған жалпы сағат санын сақтай отырып, жұмыс берушінің талаптары бойынша қосымша модульдер енгізеді.
----	---

”;

реттік нөмірі 23-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Күндізгі оқу нысаны кезінде техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерудің нормативтік мерзімі күрделігіне, күтілетін белгіленген біліктілік деңгейіне және білім алушылардың базалық білім деңгейіне қарай нормативтік мерзімін растайтын бекітілген оқу жұмыс жоспарларының болуы :

- 1) негізгі орта білім базасында жалпы орта білім алмай және білім беру қажеттіліктері бар адамдарға – 1 жыл 10 ай оқу мерзіміне ;
- 2) негізгі орта білім базасында – жалпы орта білім алумен 1 жыл 10 ай, 2 жыл 6 ай, 2 жыл 10 ай, 3 жыл 6 ай немесе 3 жыл 10 ай оқу мерзіміне ;
- 3) жалпы орта білім базасында – 10 ай, 1 жыл 6 ай, 1 жыл 10 ай, 2 жыл 6 ай немесе 2 жыл 10 ай оқу мерзіміне ;
- 4) техникалық және кәсіптік білім базасында – 10 ай, 1 жыл 6 ай немесе 1 жыл 10 ай оқу мерзіміне ;
- 5) орта білімнен кейінгі білім, жоғары білім базасында – 10 ай немесе 1 жыл 6 ай оқу мерзіміне ;
- 23 6) ӘАОО үшін жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім базасында берілетін біліктіліктің күрделілігіне байланысты 10 ай, 1 жыл 6 ай немесе 1 жыл 10 ай оқу мерзіміне ;
- 7) өнер, геология, су көлігін пайдалану, медицина, әскери мамандықтар үшін оқу мерзіміне тиісті мамандықтың ерекшелігіне байланысты айқындалуы мүмкін Күндізгі оқу нысаны кезінде орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерудің нормативтік мерзімі күрделігіне, күтілетін белгіленген біліктілік деңгейіне және білім алушылардың базалық білім деңгейіне қарай нормативтік мерзімін растайтын бекітілген оқу жұмыс жоспарларының болуы :
- оқу мерзімі жалпы орта білім базасында 2 жыл 10 ай оқу мерзіміне ;
- техникалық және кәсіптік білім базасында ұқсас мамандықтар бойынша қабылдау базасына байланысты: орта буын маманы үшін 10 ай оқу мерзіміне ;
- білікті жұмысшы кадрлар үшін 1 жыл 10 ай оқу мерзіміне.
- Өнер, геология, су көлігін пайдалану, медицина, әскери мамандықтар үшін оқу мерзімі тиісті мамандықтың ерекшелігіне байланысты айқындалады.

”;

реттік нөмірі 29-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

- 29 Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың (педагогикалық, әдістемелік кеңестердің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы.

”;

реттік нөмірі 35-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

- 35 Оқу процесінің кестесінде толық оқу жылында кемінде екі рет, жылына жалпы ұзақтығы 11 аптадан көп емес, оның ішінде әскери мамандықтардан басқа, қысқы мерзімде кемінде 2 апта демалыстың болуы.

”;

реттік нөмірлері 38, 39, 40-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

- Тұлғалардың төмендегідей мерзімдерде оқуға қабылдау туралы өтініштерінің болуы:
- 1) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, өнер және мәдениет мамандықтары бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 шілдесі аралығында ;
- 38 2) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 5 қыркүйегі аралығында, оқудың

	кешкі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында; 3) орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында.
39	Талапкерлердің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне қоса төмендегідей құжаттардың болуы: білімі туралы құжаттың төлнұсқасы, № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтама, № 088-У нысаны бойынша I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы, 3x4 көлеміндегі 4 фотосуреті.
40	Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау емтихандары материалдарының (н ә т и ж е л е р і н і ң) б о л у ы : 1) бастауыш білімі бар ("Хореография өнері" мамандығы (біліктілігі "Балет әртісі") бойынша ғана кадрлар даярлау үшін қабылдау кезінде) оқуға түсушілер үшін бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ тілі немесе орыс тілі және шығармашылық емтихандар) өткізіледі; 2) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі; 3) негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер үшін – негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша п ә н) ; 4) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар оқуға түсушілер үшін мамандық бейіні бойынша өткізіледі; 5) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.

”;

реттік нөмірлері 42, 43-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

42	Хаттамаларда орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің оқу бағдарламалары бойынша оқуға түсетін адамдар үшін қабылдау емтихандарын өткізудің төмендегі көрсетілген мерзімдерге сәйкес болуы: оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 28 қыркүйек аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша арнаулы немесе шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 21 шілдесі мен 28 шілдесі аралығында өткізіледі.
43	Хаттамаларда білікті жұмысшы кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына түсетін тұлғалар үшін әңгімелесудің 1 тамызы мен 31 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 25 қыркүйегі аралығында өткізу мерзімдеріне сәйкес болуы.

”;

реттік нөмірі 45-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 48-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

48	Білікті кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау туралы жеке кәсіптер, мамандықтар жөніндегі қабылдау комиссиясының ашық отырыстары хаттамаларының болуы: 1) оқудың күндізгі нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 25 тамызы мен 10 қыркүйегі аралығында;
----	--

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 15 – 30 қыркүйегі аралығында.

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Қосымша білім беретін білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағында:

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

10 Білім беру ұйымымен бекітілген педагогикалық кеңестің қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстар хаттамаларының болуы.

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Білім басқару органдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағында:

реттік нөмірі 38-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы қызметіне үміткерлердің қажетті құжаттар пакетінің б о л у ы :

- 38
- 1) білім беруді басқару органы басшысының атына тұрғылықты тіркеу орны, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурса қатысуға өтініш;
 - 2) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 3) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;
 - 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
 - 5) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;
 - 6) ескертпелер мен көтермелеулерді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;
 - 7) біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);
 - 8) м е д и ц и н а л ы қ а н ы қ т а м а ;
 - 9) Соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;
 - 10) тестілеуден өткендігі туралы анықтама (болған жағдайда);
 - 11) мемлекеттік білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспары.

”;

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы"

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

К. Шәмшидинова

Р. Дәленов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 18 наурыздағы
№ 117 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 29 наурыздағы
№ 23 бірлескен бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 719 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 843 бірлескен бұйрығына
8-қосымша

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектінің (объектінің) атауы _____

Бақылау субъектінің (объектінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру

нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

р/с №	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
	1	2	3	4	5
1	Жоғары оқу орнының (бұдан әрі - ЖОО) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі; білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі; білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі); білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары және тәртібі; білім алушыларды оқудан шығару негіздері және тәртібі; ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі; білім беру ұйымының білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі қамтылған жарғысының болуы.				
2	ЖОО-ны басқару органдарының қызметін регламенттейтін құжаттардың болуы.				
3	Даму стратегиясы және (немесе) даму бағдарламасы және (немесе) даму жоспарының болуы.				
4	ЖОО проректорларын (басшының орынбасарларын) тағайындау, олардың саны: 1500 адамға дейін – 1 проректор; 1501 адамнан 3000 адамға дейін – 2 проректор; 3001 адамнан 6000 адамға дейін – 3 проректор; 6001 адамнан 10000 адамға дейін – 4 проректор; 10001 адамнан және одан көп адам – 5 және көп болуы, сондай-ақ лауазымдық өкілеттіліктерін айқындау тәртібінің сақталғанын растайтын құжаттардың болуы.				
5	Ректордың (басшының) шарт талаптарында көзделген білім алушылардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуін, білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша және толық шынайы ақпаратты беру бойынша міндеттерін атқаруды растайтын құжаттардың болуы.				
6	Стратегиялық даму және даму жоспары бойынша ЖОО ректорының басқару органдары алдындағы жыл сайынғы есебінің болуы.				
7	Басқару кадрларының, педагогикалық және ғылыми қызметкерлердің біліктіліктерін арттыруды қамтитын адами ресурстарын (қызметкерлерін) басқаруды ЖОО-ның кадрлық саясатына сәйкес жүзеге асырылуын растайтын құжаттардың болуы.				
8	ЖОО қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларының болуы.				

9	Дәрістерді оқуға ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесі және (немесе) ғылыми атақтары бар оқытушылардың, сондай-ақ тиісті ғылым магистрінің академиялық дәрежесі бар және (немесе) аға оқытушылардың; дәрістерді оқуға және (немесе) басқа оқу сабақтарының түрлерін өткізуге ғылыми қызметкерлер, еңбегі сіңген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандардың тартылғанын растайтын құжаттардың болуы.				
10	Дипломдық жұмыстарға (жобаларға), кәсіптік практикаға жетекшілікті осы жұмыстарға сәйкес келетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар оқытушылар, практик-мамандар жүзеге асыруын; ЭАОО-ны қоспағанда, магистрлік диссертацияларға (жобаларға), докторлық диссертацияларға, ғылыми тағылымдамаларға, зерттеу практикаларға жетекшілікті ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі және (немесе) ғылыми атақтары бар және ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын оқытушылар және (немесе) білім алушының оқу қызметінің осы түрлерінің бейініне сәйкес болатын ғылыми жарияланымдары бар ғылыми қызметкерлер, практик-мамандар жүзеге асыруын растайтын құжаттардың болуы.				
11	Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібінің, сондай-ақ, оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
12	ЖОО қызметінің барлық бағыттары мен түрлерін қамтитын бекітілген ұйымдастырушылық құрылымның, құрылымдық бөлімшелер туралы бекітілген ережелердің, жыл сайын бекітілген штаттық кестенің, академиялық күнтізбенің болуы.				
13	ЖОО қызметкерлерінің оқу жүктемесі нормаларының бекітілгенін растайтын құжаттардың болуы.				
14	ЖОО-ның алдында тұрған басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып әзірленіп бекітілген, оқу процесін ұйымдастыру және білім беру қызметін жоспарлау мен басқару бойынша шаралар, қағидалар және рәсімдер жүйесін қамтитын академиялық саясаттың болуы.				
15	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, ЖОО-ға оқуға қабылдаудың бекітілген тәртібінің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
16	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, ЖОО-ның білім алушыларды қабылдағаннан кейін және білім туралы құжаттарды беруден кейін бір ай ішінде ақпаратты жолдағанын және (немесе) бұл мәліметтерді білім беру саласындағы уәкілетті органның білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізгенін растайтын құжаттардың болуы.				

17	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім туралы берілген құжаттар бойынша жұмыс істейтін электрондық жүйенің, оның ішінде бұрын берілген құжаттардың электрондық базасының (архивін) болуы.				
18	ӘАОО-ны, медицина ЖОО-ларын, мәдениет және өнер саласындағы ЖОО-ларды, сондай-ақ білім алушылардың саны мемлекеттік білім беру тапсырыспен айқындалатын ЖОО-ларды қоспағанда, күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылардың ең аз контингенті университеттерде кемінде 3000 адам; академияларда, институттарда және оларға теңестірілген ЖОО-да (консерваторияларда) кемінде 1000 адамның болуы.				
19	Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауын және дербес жоспарлауын қамтамасыз етуді растайтын құжаттардың болуы.				
20	ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру ұйымдарында: 1) білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпараты бар парақтармен білім беру порталының; 2) телекоммуникациялық желіге шығу мүмкіндігі бар жабдықтың (Интернет, спутниктік теледидар); 3) мультимедиялық сыныптардың және электрондық оқу залдарының; 4) оқу контентінің; 5) тестілеу кешенінің; 6) оқытуды басқарудың желілік жүйесінің (Learning Management System - LMS) болуы. Білім беру ұйымы басшысының ҚБТ-ны қолдану туралы бұйрығының болуы (бұйрыққа: 1) білім алушының өтініші; 2) білім алушылардың жеке оқу жоспарлары; 3) әрбір білім алушының оқу қызметін ұйымдастырудың жеке кестесі; 4) мүгедек балалардың ҚБТ бойынша оқу процесіне қатысу мүмкіндігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияны ұсынымы; 5) егер білім алушы сотталса және қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеуге жіберілсе, пениципалды мекеме басшысының келісімі немесе рұқсаты қоса беріледі). ҚБТ-ны енгізетін білім беру ұйымында білім алушылардың деректер базасын (білім алушыларды қабылдау, ауыстыру, қайта қабылдау туралы бұйрық, олардың ағымдағы үлгерімдері туралы мәліметтер) қамтитын ақпараттық басқару жүйесінің құрылғаны, сондай-ақ, ҚБТ-ны іске асыратын білім беру ұйымында ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және техникалық қолдауды жүзеге асыратын арнайы құрылымдық бөлімшелердің құрылғаны туралы мәліметтердің болуы.				
21	Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде оқыту технологиялары, оқу жұмысының түрлері бойынша				

	жүктеме көлемінің арасалмағы, оқу жұмысының түрлері мен мерзімі нормаларының айқындалғанын растайтын құжаттардың болуы.				
22	Білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлерін плагиатқа тексеруден өткізудің бекітілген қағидаларының, сондай-ақ, олардың өткендігін растайтын құжаттардың болуы.				
23	Білім алушыларды ауыстыру мен қайта қабылдаудың бекітілген тәртібінің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
24	Білім алушыға академиялық демалыс берудің бекітілген тәртібінің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
25	Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың мазмұнын, құрылымдық бөлімшелерде оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру тәртібінің сақталуын, сондай-ақ, оқу-әдістемелік секциялардың құрылуын растайтын құжаттардың болуы.				
26	Білім беру қызметінің сапасын арттыруды іштей қамтамасыз ету жүйесінің құрылғанын және жұмыс істеуін растайтын құжаттардың болуы.				
27	Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар үшін арнайы білім беру жағдайларының болуы.				
28	Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыру мен өткізу және кәсіптік практика базасы ретінде ұйымдарды айқындаудың бекітілген тәртібінің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
29	Формальды емес білім арқылы алынған оқу нәтижелерін тану немесе бас тарту туралы комиссия хаттамасының болуы.				
30	Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді, меңгерілген кредиттерді есепке алуды, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізуді атқаратын тіркеу офісінің болуы; ЭАОО-да - білім беру сапасын мониторингілеу және бақылау (бағалау) бөлімшесінің болуы.				
31	Білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алу, олардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің бекітілген тәртібінің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
32	Білім алушыны ЖОО-дан: академиялық үлгермеушілігі үшін; академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін; Ішкі тәртіп қағидалары мен ЖОО жарғысын бұзғаны үшін; білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемегені үшін; өз еркімен оқудан шығару тәртібінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
	Білім алушыларды қорытынды аттестаттау үшін білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясының құрамы мен жұмысы туралы				

33	бекітілген тәртіптің және оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
34	Білім туралы құжатты толтыру, қосымшасы (транскрипт) бар дипломды беру мерзіміне қойылған талаптардың сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
35	Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру мен өткізу үшін ЖОО-ның диссертациялық кеңесі туралы бекітілген ереженің, сондай-ақ, оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
36	Кадрларды даярлау бағыты бойынша бітіру жылы ішінде түлектердің кемінде 50%-ның жұмысқа орналасуының қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттардың болуы.				
37	ЖОО-да тәрбие жұмысын ұйымдастыруды және жүргізуді растайтын құжаттардың болуы.				
38	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының келесі бағыттарда жүргізілуін растайтын құжаттардың болуы: іргелі, қолданбалы, іздеу (бастамашылық), ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, оның ішінде инновациялық бағыттар бойынша жұмыстар; тапсырыс бойынша, бөгде ұйымдармен жасалған шарттар бойынша ғылыми зерттеулер; білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру; оқытудың инновациялық технологияларын әзірлеу және ғылыми зерттеулер нәтижелерін оқу процесі мен өндіріске енгізу; ӘАОО қоспағанда, зерттеу қызметінің инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру тетігін құру және ендіру; зерттеушілер мен әзірлеушілердің зияткерлік меншігі мен авторлық құқықтарын қорғау.				
39	ЖОО-ның шетелдік білім беру, ғылыми және мәдени ұйымдармен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен ынтымақтастығын растайтын, білім алушылармен, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысуын растайтын, білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) мүше мүшелігін растайтын құжаттардың болуы.				
40	Веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, жергілікті желілерінде орналасқан ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желіні қамтитын жоғары технологиялық ақпараттық-білім беру ортасының болуы.				
41	Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиісті дәрісханалық және зертханалық базалардың, оқу кабинеттерінің, өндірістік шеберханалардың, полигондардың, спорт залдарының және өзге де орынжайлардың болуы.				

42	<p>Оқу пәндерін модульдік оқыту жүйесі негізінде әзірленіп, оқу нәтижелерін көрсететін жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының (ӘАОО қоспағанда), оқу жоспарларының (оқу жұмыс жоспары, білім алушының жеке оқу жоспары), пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларының (силлабустар) болуы.</p>				
43	<p>Жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП) циклінде міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерінің; базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер циклдерінде ЖК және ТК пәндерінің қамтылуы (бакалавриат үшін); жоғары оқу орнынан кейінгі білім үшін – БП және бейіндеуші пәндер циклдерінде ЖК және ТК пәндерінің қ а м т ы л у ы ; ӘАОО-да бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларында МК және ЖК пәндерінен құралған ЖБП, БП, бейіндеуші пәндер циклдерінің, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша білім беру бағдарламаларында ЖК пәндерінен құралған БП және бейіндеуші пәндер циклдерінің болуы.</p>				
44	<p>ЖБП циклінің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 23%-нан аспауы немесе 56 академиялық кредитті құрауы, оның 51 академиялық кредиті міндетті компонент пәндеріне тиесілі болуы: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Философия, Қазақ (орыс) тілі, Шетел тілі, Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Дене шынықтыру, Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология); пәнаралық сипатқа ие ЖБП циклінің пәндері бойынша интеграцияланған бағдарламалардың болуы (бакалавриат ү ш і н) ; ӘАОО-н қоспағанда, Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық білім беру бағдарламаларының БП циклінің ЖК-де "Ғылым тарихы мен философиясы", "Шет тілі (кәсіби)", "Жоғары мектеп педагогикасы", "Басқару психологиясы" пәндерін, бейінді бағыт үшін "Менеджмент", "Басқару психологиясы", "Шет тілі (кәсіби)" пәндерінің болуы, пәнаралық сипатқа ие БП циклінің ЖК пәндері бойынша кіріктірілген бағдарламалардың болуы (магистратура және докторантура үшін).</p>				
45	<p>Білім алушылардың экономика мен құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі саласындағы кәсіптік дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдылар, көшбасшылық, инновацияларды қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жалпы көлемі кемінде 5 академиялық кредитті құрайтын ЖБП циклінің ЖК және (немесе) ТК пәндерінің болуы.</p>				
	<p>БП цикліндегі оқу пәндерін оқыту және кәсіби практиканың өту көлемінің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 47%-ын немесе кемінде 112 академиялық кредитті құрауы; ӘАОО-да БП цикліне жалпы көлемде БП</p>				

46	<p>циклінің көлемінің 30%-нан аспайтын барлық практика түрлерінің (кәсіптік практика, оқу практикасы, әскери тағылымдама, жауынгерлік дайындық және тағы басқа) болуы (бакалавриат үшін). Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 29%-ды немесе 35 академиялық кредитті құрауы, олардың 57%-ы немесе 20 академиялық кредит ЖК-ге тиесілі болуы; Бейінді бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 17%-ды немесе 10 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 15 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрауы, оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі 60%-ды немесе 6 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 40%-ды немесе 6 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрауы; ЭАОО-да бейіндік бағыттағы магистратурадағы БП циклінің көлемі кемінде 15%-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және кемінде 15%-ын (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрауы (магистратура үшін); ЖК және ТК пәндерін, практиканы қамтитын БП және бейіндеуші пәндер циклінің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 30%-ын немесе 53 академиялық кредитті құрауы; ЭАОО-да білім беру бағдарламаларының ЖК пәндерінен тұратын БП және бейіндеуші пәндер циклдерінен құралуы (докторантура үшін).</p>				
47	<p>БП циклінде көлемі оқу бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 25%-ды немесе кемінде 60 академиялық кредитті құрайтын оқу пәндерінің және кәсіби практика түрлерінің болуы; ЭАОО-да БП циклі пәндерінің көлемі жалпы жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының көлемінен кемінде 25%-ын немесе кемінде 60 академиялық кредитті құрауы (бакалавриат үшін). Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 41%-ды немесе 49 академиялық кредитті құрауы; Бейінді бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі ЖК мен ТК компонент арасында бөлінетін магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 42%-ды немесе 25 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 40%-ды немесе 45 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрауы; ЭАОО-да бейіндік бағыттағы магистратурадағы БП циклі көлемінің (оқу мерзімі 1 жыл және 1,5 жыл) 50% - дан кем болмауы (магистратура үшін).</p>				
48	<p>БП және бейіндеуші пәндер циклдерінің модульдері мен пәндері бағдарламасының білім берудің бірқатар салалары бойынша кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көп салалы сипатта болуы.</p>				
	<p>Қорытынды аттестаттаудың көлемі 12 академиялық кредитті немесе білім беру бағдарламаларының жалпы көлемінен кемінде 5%-ды құрайтынын және дипломдық жұмыс (жоба) жазу және қорғау түрінде немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру түрінде жүргізілетінін растайтын құжаттардың болуы; ЭАОО-да қорытынды</p>				

49	<p>аттестаттаудың дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау, кешенді емтихан және (немесе) "Дене шынықтыру" пәні бойынша емтихан дайындау және тапсыру нысанында не кешенді мемлекеттік емтихан, екі базалық және (немесе) бейіндеуші пәндер бойынша мемлекеттік емтихандар және (немесе) "Дене шынықтыру" пәні бойынша емтихан тапсыру нысанында өткізілуі (бакалавриат үшін). Қорытынды аттестаттаудың 12 академиялық кредитті немесе ғылыми-педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 10%-дан аспайтын көлемді (тиісінше 1 жыл немесе 1,5 жыл оқу мерзімімен бейінді магистратурада 20% немесе 13%) құрауын және магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және қорғау нысанында өткізілуін, ЭАОО үшін қорытынды аттестаттау кемінде 12 академиялық кредитті құрайтынын растайтын құжаттардың болуы (магистратура үшін). Қорытынды аттестаттаудың 12 академиялық кредитті немесе докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 6%-ды құрауын және докторлық диссертацияны (жобаны) жазу мен қорғау түрінде өтуін растайтын құжаттардың болуы (докторантура үшін).</p>				
50	<p>Дипломдық жұмыс (жоба) жазудың орнына қосымша кешенді емтихан тапсыру үшін тиісті құжаттары тіркеліп, ректордың атына жазылған өтініштің болуы.</p>				
51	<p>Үш тілде білім беру бағдарламаларын енгізген ЖОО білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды үш тілде: оқыту тілінде, екінші тілде және ағылшын тілінде жүзеге асыруы: оқу пәндерінің 50%-ын оқыту (мемлекеттік немесе орыс) тілінде, 20%-ын екінші тілде (сәйкесінше орыс немесе мемлекеттік), 30%-ын ағылшын тілінде оқытылуы. Үш тілде білім беру бағдарламасын енгізген ЭАОО оқытуды үш тілде: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асыруы; екі тілде білім беру бағдарламасын енгізген ЭАОО оқытуды екі тілде: казак және орыс тілдерінде жүзеге асыруы.</p>				
52	<p>Дуальды оқыту элементтерін енгізген ЖОО білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды теориялық оқыту мен өндірістегі практикалық дайындықты үйлестіру негізінде жүзеге асыруы: пәннің оқу материалының 40%-ына дейін тікелей өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржы-экономикалық процестер, психологиялық-педагогикалық процесс және тағы басқа) меңгеруі.</p>				
53	<p>Оқыту нәтижелері сәйкес болған жағдайда пререквизиттер ретінде алдыңғы формальды білім деңгейінің жекелеген пәндері, сондай-ақ тиісті деңгейдегі формальды емес білімнің оқыту нәтижелері қайта есептелуінің болуы. Білім алушының тиісті білім беру бағдарламасын игеруі үшін қажетті "кіруде" болуы тиіс барлық пререквизиттердің болуы.</p>				
54	<p>Білім беру мазмұнын жоспарлаудың, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін таңдау оқытудың</p>				

	кредиттік технологиялары негізінде жүргізілуін растайтын құжаттардың болуы.				
55	Білім беру бағдарламасында оқу саласының сипаттамасын, даярлау деңгейін, оқу нәтижелерін, кәсіптік қызметтің негізгі түрлерінің көрсетілуі.				
56	Білім алушының бір оқу жылындағы және барлық оқу кезеңіндегі академиялық кредиттердің көлемінен кем болмайтын, оның барлық оқу әрекетін - дәрістер, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиядағы жұмыстар, өндірістегі практика (дуальды оқыту кезінде), кәсіптік практика, ғылыми және кәсіби тағылымдама, ғылыми-зерттеу/ тәжірибелік-ізденіс жұмыстары, дипломдық жұмыс (жоба), диссертация (жоба), өзіндік жұмыс, оның ішінде оқытушының жетекшілігі жүргізілетін жұмыс, қамтитын оқу жүктемесінің болуы.				
57	Бір оқу жылының толық академиялық жүктемесі 60 академиялық кредитке немесе 1800 академиялық сағатқа сәйкес келуін, бұл ретте білім алушының бір семестр ішінде 30 академиялық кредитті меңгеруін растайтын құжаттардың болуы.				
58	Білім алушының: бакалавриат бағдарламалары бойынша барлық оқу кезеңінде студенттің оқу әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 240 академиялық кредитті меңгеруі; магистратура бағдарламалары бойынша: 1) ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті (ӘАОО үшін кемінде 120 кредит) мөлшерінде; 2) бейінді магистратурада 1 жыл оқу мерзімімен 60 академиялық кредитті және 1,5 жыл оқу мерзімімен 90 академиялық кредитті (ӘАОО үшін 1 жыл оқу мерзімімен кемінде 60 кредит, 1,5 жыл оқу мерзімімен кемінде 90 кредит және 110-нан аспайтын кредит меңгеруі. Философия докторларын (PhD) (бейіні бойынша докторлар) даярлау бойынша докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруін растайтын құжаттардың болуы.				
59	Білім беру қызметін білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензияға сәйкес жүзеге асыруды және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті сақтауды растайтын құжаттардың болуы.				
60	Білім берудің деңгейлеріне қарай Дублин дескрипторлары негізінде айқындалатын және оқу кезінде қол жеткізілген нәтижелерден байқалатын меңгерілген негізгі құзыреттерді көрсететін білім алушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптардың сақталуын растайтын бекітілген модульдік білім беру бағдарламаларының болуы.				
	Қосымшасы бар (транскрипт) дипломды, сондай-ақ дипломға жалпыеуропалық қосымшаны (Diploma				

61	Supplement (диплома саплэмент) беру тәртібінің сақталуы (докторантурадан басқа), қосымша академиялық кезеңде педагогикалық бейін пәндерінің циклін меңгерген және педагогикалық практикадан өткен бейінді докторантура түлектеріне негізгі дипломға қосымша куәліктің берілу тәртібінің сақталуы.				
62	Ғылыми-педагогикалық бағыттағы (магистратура) жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының болуы, сондай-ақ, оны іске асыруды растайтын құжаттардың болуы. ӘАОО-да ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратура тереңдетілген кәсіптік немесе ғылыми-педагогикалық даярлығы бар басқару, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырудың болуы; Бейінді бағыттағы (магистратура) экономика, медицина, құқық, білім, өнер, қызмет көрсету және бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары, құқық қорғау қызметі үшін тереңдетілген кәсіптік даярлығы бар басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының болуы, сондай-ақ, оны іске асыруды растайтын құжаттардың болуы.				
63	Білім беру бағдарламасының құрылымында білім берудің мазмұнын айқындайтын оқу және ғылыми жұмыстардың түрлі бағыттарының болуы: базалық және бейіндік пәндерді қамтитын теориялық оқыту, білім алушыларды практикалық даярлау: практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың түрлері; диссертация/жобаларды орындауды қоса алғанда, ғылыми-іздену (тәжірибелік-ізденіс) жұмыстары; қорытынды аттестаттау. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымында базалық және бейіндік пәндерді қамтитын білім беру компонентінің болуы, ғылыми-іздену жұмыстары, қосалқы оқыту түрлері, қорытынды аттестаттаудың болуы.				
64	Магистрлік бағдарламаның міндетті компонентінде магистранттарды практикалардың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардың түрлерін қамтитын практикалық даярлау; ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысының болуы.				
	Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасында теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілуі мүмкін практиканың екі түрінің қамтылуы: БП циклінде педагогикалық – ЖОО-да; бейіндеуші пәндер циклінде зерттеу – диссертация				

65	орындалған жерде; бейінді магистратурада БП циклінде өндірістік практиканың қамтылуы; ӘАОО-да өндірістік практиканың кәсіби практика немесе әскери тағылымдама түрінде өткізілуі. Докторантураның білім беру бағдарламасында философия докторы бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін - педагогикалық және зерттеу практикасының болуы; бейіндік докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін – өндірістік практиканың болуы.				
66	Зерттеу/өндірістік практика мазмұнының диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен сәйкестігін растайтын құжаттардың болуы.				
67	Білім алушының жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ (МЭЗЖ) шеңберінде ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті қызмет салаларындағы ұйымдарда (докторантура үшін қосымша – сонымен бірге шетелде) ғылыми тағылымдамадан міндетті өтуін растайтын құжаттардың болуы.				
68	Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптардың сақталуын растайтын құжаттардың болуы: магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі; өзекті, ғылыми жаңалығының және практикалық маңызының болуы; ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі; ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындалуы; негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы; ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып, озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы; негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден құралуы; компьютерлік технологияны пайдалана отырып, деректерді өңдеудің және интерпретациялаудың қазіргі заманғы әдістеріне негізделуі, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша олардың әрбір кезеңнің соңында ресімделген білім алушының есебінің болуы.				
69	Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін білім алушының жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтуін растайтын құжаттардың болуы.				
70	ЖОО-ның магистрлік диссертация туралы бекітілген ереженің, сондай-ақ, оның сақталуын растайтын құжаттардың болуы.				
71	Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері туралы жарияланымның және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияға қатысуда көрінуі. Докторанттың ғылыми зерттеуінің негізгі нәтижелері				

	ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда жариялануы.				
72	Магистратураға оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға (жобаға) жетекшілік жасау үшін ғылым кандидаттары мен докторларының немесе PhD докторларының немесе тиісті салада кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандардың қатарынан ғылыми жетекші тағайындау туралы ректордың бұйрығының болуы. Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші докторанттарға ғылым докторлары немесе кандидаттары қатарынан тағайындалатын, кемінде 2 адамнан тұратын консультанттардың ғылыми жетекшілік етуі; бейіні бойынша доктор немесе DBA дәрежесіне ізденуші докторанттарға ғылым докторлары немесе кандидаттары немесе философия докторлары (PhD) қатарынан тағайындалатын, кемінде 2 адамнан тұратын консультанттардың, олардың біреуінің тиісті саланың немесе қызмет саласының жоғары білікті маманының ғылыми жетекшілікке тағайындау туралы ректордың бұйрығының болуы.				
73	Білім алушының ғылыми жетекшісі және зерттеу тақырыбын бекіту туралы ғылыми кеңестің шешімінің болуы.				
74	Педагогикалық қызметке жіберілген бейінді магистратураны бітірген магистрантқа педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламаларын қосымша меңгергенін растайтын негізгі дипломына қосымша куәліктің болуы.				
75	Қорытынды аттестаттау бойынша білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен басты құзыреттерді бағалаудың болуы.				
76	MBA (EMBA) білім беру бағдарламасының құрылымында келесі бөлімдердің болуы: кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша пәндер блогы; жеке даму және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндері блогы; эксперименттік-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны/жобаны орындау; қорытынды аттестаттау (магистрлік диссертацияны/ жобаны жазу және қорғау).				
77	Бекітілген MBA (EMBA)/ DBA білім беру бағдарламаларының, сондай-ақ, оларды іске асыруды растайтын құжаттардың болуы.				
78	Кәсіби құзыреттерді қалыптастыру бойынша MBA (EMBA) білім беру бағдарламасында кәсіби құзыреттерді және тұлғалық дамуды, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндері; өндірістік практика (өндірістен қол үзіп білім алушы тұлғалар үшін); магистрлік диссертацияны немесе жобаны орындау; қорытынды аттестаттауды қамтитын міндетті және элективті компоненттер пәндерінің болуы.				
	MBA (EMBA) бағдарламаларына оқыту үшін бизнес-зерттеулерді және консалтингті, ғылыми қызметті жүргізуге тартылған, сондай-ақ басқарушылық жұмыс				

79	тәжірибесі бар профессорлық-оқытушылық құрамның б о л у ы . DVA бағдарламалары бойынша оқыту үшін ғылым докторы немесе кандидаты дәрежесі бар және даярлау бағыты бойынша кәсіби білім мен дағдыларға ие халықаралық тағылымдамалары мен жарияланымдары бар профессорлық-оқытушылық құрамның болуы.				
80	MBA/EMBA немесе DBA бағдарламаларының қажетті білім беру қызметтерін ұсынуға арналған заманауи білім беру технологияларының болуы.				
81	MBA (EMBA) білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға "Іскерлік әкімшілендіру магистрі" дәрежесінің (магистратура үшін) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) бірге берілгенін растайтын құжаттардың болуы.				
82	Білім алушының барлық оқу кезеңіне жасалған және келесі бөлімдерді қамтитын жеке жұмыс жоспарының болуы: жеке оқу жоспары (қажет болған жағдайға жыл сайын нақтылануы мүмкін); ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (зерттеу тақырыбы, бағыты, мерзімі мен есеп беру нысаны); практика (бағдарламасы, бағасы, мерзімі және есеп беру түрі); негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік/докторлық диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы; магистрлік/докторлық диссертацияны орындау жоспары; ғылыми басылымдар мен тағылымдамадан өту, оның ішінде шетелдік тағылымдамадан өту жоспарының болуы.				
83	Ғылыми зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарынан, ғылыми жарияланымдарынан, докторлық диссертацияларды жазу мен қорғаудан құрылған ғылыми компоненттің көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 64%-ды немесе 115 академиялық кредитті құрауы.				
84	Докторанттың белгіленген кредиттер көлемін игергендігін растайтын құжаттардың болуы.				
85	DBA білім беру бағдарламасының зерттеу компонентінде докторанттың қолданбалы және зерттеу жұмыстарының, жарияланымдары мен докторлық диссертациясының болуы ; докторанттың зерттеулерінің нәтижелерінің кемінде 7 (жеті) ғылыми басылым мен журналдарда, оның ішінде кемінде 3 (үш) алыс шетелдегі ғылыми басылымдарда және халықаралық ғылыми конференцияларда жарияланған болуы.				
86	DBA бағдарламасының докторанттарына ғылыми жетекшілік ететін ғылым докторлары (кандидаттары) қатарынан тағайындалған, ғылыми-зерттеу (академиялық) тәжірибесі бар немесе басқару және консалтингтік жұмыс тәжірибесімен DBA дәрежесі бар кемінде екі консультанттың болуы.				

87	Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына сәйкес мамандарды даярлау бағыттары бойынша әзірленген білім беру бағдарламаларының болуы.				
88	Оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілік арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтердің болуы.				
89	Кадрларды даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларына сәйкес пәндердің оқытушылармен қамтылуы, оның ішінде оқытушылар білімінің, ғылыми/ академиялық дәрежелерінің немесе ғылыми атақтарының (бар болған жағдайда) оқытатын пән бейініне сәйкес келуі (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы м ә л і м е т т е р) . ЖОО негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылардың жалпы оқытушылар санындағы үлесіне қойылатын талаптарға сәйкестікті растайтын құжаттардың болуы (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер).				
90	ЖОО негізгі жұмыс орны болып табылатын ғылыми/ академиялық дәрежелері және/немесе ғылыми атақтары бар және/немесе "магистр" дәрежесі бар және/ немесе резидентураны аяқтаған жоғары/ бірінші біліктілік дәрігерлік санаты және кемінде бес жыл клиникалық жұмыс өтілі бар және/немесе "Еңбек сіңірген жаттықтырушы" спорттық атағы бар және/ немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары бар және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес оқытушылардың жалпы оқытушылар санындағы үлесіне қойылатын талаптардың сақталуын растайтын құжаттардың болуы (педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер).				
91	Кадрларды даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін білім алушыларды қамтамасыз ететін, саны, басылып шыққан жылына қатысты нормаларға сай келетін оқу және ғылыми әдебиет қоры бар кітапхананың; сымсыз байланыс технологияларды қоса алғанда кең жолақты интернет желілі компьютерлік кабинеттердің; материалдық техникалық және оқу-зертханалық базаның; жабдықтардың , оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы (оқу және ғылыми әдебиеттер қорының және цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер).				
92	Сұратылып отырған кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын үш ғылым докторының немесе бес ғылым кандидатының немесе бес философия (PhD) докторының болуы; "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты бойынша бір ғылым докторының немесе				

	бір ғылым кандидатының немесе философия (PhD) докторының болуы (педагог және оқытушы кадрлармен жасакталуы туралы мәліметтер).				
93	Мазмұны мен мерзіміне қойылатын талаптарға сәйкес келетін практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың, сондай-ақ шетелде ғылыми тағылымдамадан өту үшін жасалған шарттардың болуы (сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес толық оқу кезеңін қамтитын, практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен және стратегиялық әріптестік туралы жасалған шарттардың және шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен толық оқу кезеңін қамтитын шарттар туралы мәліметтер).				
94	Білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсетудің болуы, сондай-ақ оқу корпусарында медициналық пункттердің болуы (медициналық қызмет көрсетудің болуы , оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер).				
95	Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы (санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер).				
96	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның ішінде университеттер үшін 3 және одан көп, академиялар үшін 1 және одан көп, институттар үшін 1 және одан көп ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларымен ғимараттардың (оқу корпусардың) болуы. "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты үшін шаруашылық жүргізу меншікті жеке не жедел басқару құқығындағы клиникасының болуы (Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы, сондай-ақ, ғимараттарға (оқу корпусарға) және клиникаларға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттар туралы мәліметтер).				
97	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру қызметін көрсетуге берілген рұқсат беру құжатының болуы (лицензияланатын кадрларды даярлау бағытына сәйкес алдыңғы деңгей бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер).				
98	Мазмұны мен мерзіміне қойылатын талаптарға сәйкес келетін тиісті даярлау бағыттары бойынша білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми-білім беру немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы (магистратура үшін) (білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми-білім беру немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы толық оқу кезеңін қамтитын келісімдер туралы мәліметтер).				

99	<p>Бакалаврға ғылыми жетекшінің сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес ғылыми/ академиялық дәрежесінің, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық ғылыми журналдарда соңғы бес жылда 2 ғылыми жарияланымдардың болуы, сондай-ақ оқулықтың не оқу құралының авторлары болуы (жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер).</p> <p>Магистрға ғылыми жетекшінің сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес ғылыми/ академиялық дәрежесінің, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық лицензияланатын ғылыми журналдарда соңғы бес жылда 10 ғылыми жарияланымдардың болуы, сондай-ақ кемінде 2 оқулықтың не оқу құралының авторы болуы (жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер).</p>				
100	<p>Білім беру ұйымының ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттарға сәйкес қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың болуы (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу үшін ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттардың және оларға қоса Жұмыстардың техникалық ерекшелігі мен оқытудың толық кезеңін қамтитын Күнтізбелік жоспары туралы мәліметтер).</p>				
101	<p>Білім беру бағдарламасына сәйкес сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы (жоғары оқу орнынан кейінгі білім үшін) (мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер).</p>				
102	<p>Кадрларды даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру бағдарламасына сәйкес ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін ведомстволық келісімдердің болуы (жоғары оқу орнынан кейінгі білім үшін) (Ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін келісімдер туралы мәліметтер).</p>				
103	<p>Білім алушының жазбаша жұмысын плагиатқа тексеретін компьютерлік бағдарламаның болуы (плагиатқа тексерудің компьютерлік бағдарламасының бар екенін растайтын құжат).</p>				
	<p>Мазмұны мен мерзіміне қойылатын талаптарға сәйкес келетін докторантура бағдарламаларын іске асыратын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және (</p>				

104	немесе) ғылыми ұйымдармен ғылыми алмасу туралы шарттардың болуы (докторантура үшін) (толық оқу кезеңін қамтитын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми алмасу туралы шарттардың және сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес шетелдік жоғары оқу орнының бағдарламаларын аккредиттеу туралы куәліктің көшірмелері туралы мәліметтер).				
105	Әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасы – бакалавриатта даярлаудың бағыттары және білім беру бағдарламалары бойынша – 12,1; "Өнер" бағыты бойынша - 3,5,1; жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша бейнелеу өнері, музыкаға байланысты мұғалімдерді дайындау, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау білім беру бағдарламалары бойынша шет тілдеріне байланысты мұғалімдерді дайындау, тілдер және әдебиет кадрларды даярлау, шетел филологиясы, аудармашылар, ветеринария – 8,1; денсаулық сақтау – 6,1; дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары, оның ішінде шетел азаматтары үшін – 6,1; әскери кафедра студенттері үшін – 10,1; магистратурада – 6,1; резидентурада – 3,1; докторантурада – 4,1; Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымы үшін: магистратурада – 4,1, докторантурада – 2,1.				

Лауазымды адам (адамдар) _____

лауазымы ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау

субъектісінің басшысы _____

лауазымы ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)